АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ІЗГІ МҰРАТТАРДЫҢ ІЗДЕУШІСІ

Жазушы Табыл Құлыястың ойылдық оқырмандармен жүздесуінде сөз алған Қазыбек Нұрымгереев:

— Білгілерің келсе, біз мына Табыл екеуміз бірінші категориялы жетімбіз, — дей салды.

Үлкендер «рас, рас» деп құптаңқырап жіберді де, мектептің жоғары класс оқушылары, жалпы жетімдіктің не екенін кітаптардан жақсы білгендерімен, тап бірінші категориялы жетімнің қандай болатынын аса түсініңкіремей, көздерін жыпылықтатып-жыпылықтатып алды.

Ал атам қазаққа айтқызсаң, «жетім қозы тас бауыр, түнілер де отығар». Қосымша сөз иесі Қазбек те, сөз тақырыбы Табыл да әлдеқашан отыққандар. Оты бар жайлау, әрине, алдымен кешегі кеңес өкіметі, сосын бүгінгі тәуелсіз Қазақстан. Содан ба, Табыл ағамыз кешегі заманда кең жайылған аралас дәмді дастарқанды да, бүгінгі ешкімнің таласы жоқ берекелі ырысты да қызғыштай қорғайды.

Қазбек зейнеткер сөз барысында оқушылардың миына сіңуі қиын тағы бір мысал айтты.

Сонау кеңес заманында фельетон деген жанр болды, фельетоншы деген жалпы алғанда (көпшілік үшін) сүйкімді, жекелей алғанда (кейбіреулер үшін) сүйкімсіздеу кәсіп болды. Ойдан оқиға құрастырып фельетон жазу онша қиын да шаруа емес. Шөп шабу науқаны кезінде тұралап қалған техника, алты ай қыс бойы жабық тұратын клуб, құлап қала беретін көпір тәрізді тақырыптар көп. Бірақ фельетоншы Табыл ондайды місе тұтқан емес. Бұл кісінің қармағы ұсақ-түйектерден гөрі, қызметі ірі болған соң өзі де ірі сүйек асайтындарға, мемлекеттің мүлкін оңды-солды оңдырмай жымқыратындарға, ең кемі облыста «крышасы» бар менмен бюрократтарға, міне, осындай-осындайларға түсетін. Ал мұндай фельетонның соңы ызы-қиқы айқай, тексеру, фельетоншыны құртып-жоюдың тәсілдерін ойластыру сияқты әбігерлерге ұласады. Т.Құлыяс сондай талай у-шуды бастан кешті. Тұтылып қалған кезі жоқ, ақ болды, ешкім де тіреп тұрған аспанын төбесінен тастап жібере алған жоқ, ондай аспан ешкімде жоқ та екен.

Көктемгі каникулға шыққан тоғызыншы класс оқушылары (ортасында Қазбек, Табыл бар) мынау Ойылдан анау тоқсан шақырым жердегі Қаройға тартып кетеді ғой. Әрине, жаяу. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының басында бала таситын көлік қайдан болсын. Құбылмалы көктем. Қатқақ-қатқақ дөңес, ойдым-ойдым шалшық. Қыз деген құрымағырың қашанда сұңғыла ғой. Батырлыққа қол созған бұларға олар ермей қалған сол дұрыс та болыпты. Сол тоқсан шақырымдағы ауылға екі тәулік дегенде әзер жеткен ұзынды-қысқалы ұлдардың жолшыбай бастан кешкендері ұзақ әңгіме.

Ал біздің қосарымыз, Табыл аға содан бері дәл сол мибатпақ жолдың сорабынан шыға алмай тартып келе жатқан жанкештілердің бірі. Қараойдан Жекендіден, Жетікөлден, Ойылдан, Темірден асқан жол Көкшетауға, Жамбылға (қазіргі Таразға), Арқалыққа, Алматыға, Ақмолаға сүйреді. Тіпті сол жол осы күні де тыным берер емес, екі күннің бірінде десек өтірік шығар, Табыл аға екі айдың бірінде Ресейге кетіп бара жатады, Ресейден келе жатады. Бұның себебін кейін әңгімелерміз.

Ең алдымен айтарымыз, журналист, газетші деген ағайынның бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ екендігін іс жүзінде дәлелдегендердің бірі қазір Астана қаласының байырғы тұрғындарының біріне айналған Табыл Құлыяс екенін әлгі аталған қала атауларынан-ақ байқауға болады.

Оның үстіне бұл кісі үнемі кеңсе бағып, көркем болған қаламын сорғылап отыратындардың сортынан емес. Қай шақта да қырғын шаруаның ортасында, қилы мінезді адамдардың арасында жүрді. «Осы өмірімде жиырма бес жылға үш рет сотталдым» деп мақтанатын айтқыш ағасына, «басыңыз жас қой, әлі талай сотталарсыз» деп басу айтатын осы Табыл ағамыз. Осылайша «басқа пәле тілден» екенін білсе де, тілін тартып көрмегендердің бірі және осы кісі. Осы сөзімізді қаузайық.

Қазір ұмытыла бастады ғой, бағзы бір замандарда үнемі май-шаңның ортасында, денсаулыққа зиянды өндіріс орнында жүретіндерге тегін сүт беру туралы қаулы шығып, мінсіз орындалған. Журналистикадағы денсаулыққа зиянды цехтардың бірі һәм біріншісі осы фельетон еді. Бұл ретте біз кейіпкеріміздің газет-журналдардағы фельетондарын ғана айтып отырғанымыз жоқ. Мәскеулік үлгімен бір кезде Қазақ телевизиясы «Жебе» атты сатиралық киножурнал шығарған. Табыл аға, міне, сол журналдың тура 37 номерін қолынан өткерді. Осы тұста бір ой көңілге ілігіп отыр, маған кейде фельетон деген жауынгер жанр Табыл ағалардың қайраты тасып тұрған замандармен бірге келмеске кеткен сияқты көрінеді де тұрады.

Қалай десек те, осындай фельетоншының сатирик жазушыға айналмауы мүмкін де емес еді. Ағамыз уытты тілін көркем сықаққа жұмсауға кірісті. Көзі тірілерді көстеңдеткен авторға ойдан жасалған кейіпкерлерді сомдау аса қиындық тудырмаса керек. Жинақтар бірінен соң бірі дүниеге келіп жатты: «Кесілген бұрым», «Қоңыраулы күлкіграмма», «Сауда сақал сипағанша», «Жалмауыз...» Кейін бұл жинақтарға «Ши оқ», «Жегі» тәрізді сатиралық романдар қосылды...

1991 жылы 4-5 қыркүйекте Қазақстан жазушыларының X съезі өтті. Бұл мәндайымызды тәуелсіздікке тіреп тұрған өз бар-жоғымызды өзіміз түгендей бастаған шақ еді. Әр жанр бойынша баяндамалар жасалып, сатираның салмағын сараптау профессор Темірбек Қожакеевке берілгенде, бұл кісі сөз аралата келе былай деді: «...Құрметті қаламдастар, бұл айтылғандарға қарап бүгіндері қазақ сатирасы мүлде тұралаған екен, жоқ екен деп қалмаңыздар! Қазақ сатирасы бар. Соңғы 4-5 жылда шыққан Т.Құлыясовтың «Сауда сақал сипағанша», М.Юсуповтың «Қандауыр», «Шымшуыр», Н.Муфтақовтың «Қыл көпір», Е.Жалпасовтың «Кімге күлкі, кімге түрпі», Т.Кенеевтің «Қыңыр», З.Асабаевтың «Жалғыз көзді балық», Қ.Әшеновтің «Өзімнен де бар» сатиралық әңгімелер жинағы... бұған дәлел...». Филология ғылымының докторы, қазақ сатирасының теориясын жасаған осы Т.Қожакеев бұдан бұрынғы мақалаларының бірінде Табыл Құлыястың сатиралық әңгімелеріндегі типтендірілген кейіпкер Ешкібасқа ерекше назар аударғаны бар-ды.

...Сонымен тәуелсіздік таңы атты, мәскеулік нұсқауларға алаңдаудың күні өтті. Енді тарихшылар, философтар, әлеуметтанушылар секілді жазушылар да бұған дейін не жазып қойғандарына қайта үңілетін кез келді. Рас, Табыл Құлыястың аса қиналатын ештеңесі жоқ-ты. Жемқордың аты жемқор, бюрократ қашанда бюрократ, қысастық көргендердің көздері тірі, кезінде сын садағына іліккендердің қай-қайсысының да «мен ол кезде ақ-адал едім, Құлыясов мені жазықсыз құртты» дей алмасы анық-ты. Себебі істері әлдебір папкаларда қаттаулы тұр. Бұлардың не мемлекеттік құрылымға қатысты саяси көзқарасы үшін не ұлтқа жанашырлық қимылдары үшін құдаланған ештеңесі жоқ-ты. Кәдімгі жемқорлар. Олар енді тұғыры әлі нықталмаған тәжірибесіз жас мемлекет басынан кешкен өтпелі кезеңнің заңнан айналып өтуге болатын тұстарына тұмсық сұқты. Біздің кейіпкеріміздің сол кезде жазғандары «Қара терең» деп аталатын кітабына азық болды. Бірақ сатирик жазушы ғұмыр бойы жемқорлармен тартысуға міндеттеме алмаған еді. Бұл көбеймегірлерден басқа да шаруалар қылаң берген.

Соның бірі — Ойылдың немесе Ойыл тәрізді қазақ өңірлерінің өткен-кеткен тарихи деректері. Содан бері жазушы Табыл Құлыяс, жоғарыда айтқанымыздай, Ресейге кетіп бара жатады, Ресейден келе жатады. Осы сапарында Ойылға жол жүрердің алдында да төртбес күнге Орскіге (Жаман қалаға) барып архивтің біраз шаңын қағып шықты. Ал Орынбор архивіндегілермен арқа-жарқа дос-жолдас болып кеткелі қашан. Сол сапарлардың нәтижесі — «Қанжоса ғасыр», «Қырғын», енді шығуға тиіс «Қан кешу» деп аталатын кітаптар. Атауларынан-ақ байқалып тұрғандай, бұл шығармаларға өткен ғасырдағы зұлматтар мен асыра сілтеулердің қағаз бетіне түсіп қалған деректері өзек болды.

Әркім де туған жеріне қатысты әлдебір шаруалар жасайтыны белгілі. Өз малыңды өзің көбейтіп, өз бала-шаңды өзің дұрыстап асырағаның да туған жерге жасаған жақсылығың. Олайбұлай өткен жұрт ең болмағанда «е-е, мына ауылдың адамдары берекелі жұрт екен» деп мақтап кетеді. Ойыл да сондай берекесінен айрылмаған жұрт. Оның үстіне Қазақстанның қай түкпірі де Ойыл деген атауды естігенде елең ете түседі. Асан қайғының «Ойыл көздің жасы еді, Ойылда кеңес қылмадың» дегенін еске алады. Ойылдың сол тарихын тағы бір рет қаттауға ойылдық Табыл зор еңбек сіңірді. Осыдан төрт-бес жыл бұрын Астанадағы «Фолиант» баспасы туған республикамыздың көптеген тарихи өңірлерінің өзіндік ерекшеліктерімен, қайталанбас келбетімен, бай шежіресімен қалың оқушылар қауымын барынша таныстыру, басынан кешкен баянының сырына қанықтыру мақсатында «Менің Отаным — Қазақстан» деп аталатын көркем безендірілген өлкетану кітаптарының дестесін қазақ тілінде шығаруды ұйғарды, шығарды. Бұл дестенің бірінші кітабы «Ұлытау» Қарағанды облысының Ұлытау ауданына арналды. Ал екінші кітап, сөзіміздің ыңғайынан байқап отырсыз, «Ойыл» еді. Осы «Ойылды» шығаруға жазушы Табыл маңдай терін мықтап төкті. Кітаптың болашақ авторы, ойылдық журналист Сырым Бақтыгереевті осы еңбекті жазуға ақтөбелік Сансызбай Қуатов екеуі қалай үгіттегенінен, іле-шала ресейлік архивтерге сапар шегуден басталатын қыруар шаруаға Табыл аға өз еркімен өзінөзі жұмсаумен болды. Соның арқасында ілуде бір аудандарға ғана бұйыратын тамаша кітап дүниеге келді. Кезінде Табыл Құлыясқа «Ойыл ауданының құрметті азаматы» атағы берілуі бірденбір оңды шешім болғаны дәлелденді.

Қазақта өте қарапайым кісі дейтін сөз тіркесі бар. Бұл тіркес, әсіресе, ірі өнер иелеріне, тым жоғары лауазымды шенеуніктерге, қысқасы, қалың көпшіліктің көз алдында жүретіндерге қарата айтылады. Осы жолдар авторының Табыл ағамыз бен сол үйдегі қадірлі Күләш апамыздың қолында тұрып, Арқалықта, Торғайдың облыстық газетінде қызмет еткені бар-ды. Сол кезде Қазақ радиосының Торғай облысындағы меншікті тілшісі болып істейтін ағамыз облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің қарапайым мінез-құлықтарын жиі айтып келетін. Және Өз-ағаңның өлгі мінездері, солай болып көріну үшін жасалатын жасанды әрекет емес, туа біткі мінез екені аңғарылатын. Табыл ағамыз да, сірә, әу бастан-ақ алдындағы басшы-қосшы ағаларынан қалай кісімсінуді емес, қайткенде кісімсінбей, туа біткі мінезбен жүріп-тұруды үйренсе керек. Осы күні Астанадан келген қай жазушы атаулыны көрсек те, Табыл ағаны сұрағанымызда, еш іркілмей, сүйсіне сөйлеп қоя береді. Егерде ғайыптан тайып туған өлкесіне әйтпесе жүрген жеріндегі адамдарға тек жақсылық ойлайтың қолдан келгенше соны жүзеге асыратын адамдардың тізімі жасақтала қалса, сол парақтың бас жағында Табыл Құлыястың тұратындығына дауымыз болмайтын сияқты. Әлдебіреулерден медет күткең, тіпті медет күтпеген кісілерге де көмектесуге келгенде өзі де алдына жан салмайтын дүр ақын Есенбай Дүйсенбайұлының осы бетте жарияланып отырған «Сынған айна» деп аталатын өлеңі Табыл ағамыздың әу бастағы өмірлік, азаматтық ұстанымын айқын көрсетіп тұрған мысалдардың біреуі ғана.

Қай қызметті де, қай жасты да ірі болып көрінудің себепшісі деп емес, жұртқа, елге пайда тигізудің көрінісі деп түсінетін, жиырмадан астам кітаптың авторы Табыл Құлыяс 75 жасқа келіпті. Осы 75 жасқа бекерге сынай қарайтын сияқтымыз, әйтпесе тап осылай жележортып сапар шегіп, қатар-құрбыны ілгері шақыра қалам тербей беретін қуаты болса, 75 жас та онша шаршап-шалдықтыратын белес емес екен.

Жасыңыз құтты болсын, Табыл аға! Мұқалмаудың, ізгі мұраттарды әлдилеудің өнегесі болып көз алдымызда көп жүріңіз.

Ертай АШЫҚБАЕВ.

Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ

Сынған айна

Сынған айна... орыны тұр бос қазір...
...Жарымаған кезім еді қосқа бір.
Жарылқады жаңа үйленген Екеуді
Аңқылдаған аға Табыл, дос Табыл.

Десем дағы Табылға мен ырзамын,
Жазылмапты оған алғыс жырларым.
Телмірместей баспана деп Темірде
Үйі бар-ды бөлме саны бір жарым.

Болып еді ен даладай елпіндік,
Асханасы қос жамбасқа тегін құт.
Түсірген-ді қазан асып, той жасап
Мені — бала, Қыз Назымды келін ғып.

Қуанғаннан шыққан сонда есім-ші!
(Мұны ұмытсам, Тәңір Ием, кешірші.)
Сырттай сыйлас танысынан — Табылдың
Айналып ем баласына бесінші!

Табыл болып табылды да жырларым,
Тарқатушы ем жастық-базар сырларын.
Алтын сарай салсам дағы арманнан,
Жетпейді сол бөлмелі үйге бір жарым.

Есіме алсам Темір деген мен де елді,
Бір тәтті мұң тербетеді кеудемді.
Ошағымның отын жеке жаққанда,
Еншіге деп Табыл айна берген-ді.

Жыр хатыма, сырқатыма мол емі,
Ардақты ең асыл затым сол еді.
Жарты құлаш шарайнам да жарайнам,
Көк аспандай көрінетін көлемі.

Алғаш рет ашып берген бағымды,
Ой-қиялым сол күндерді сағынды.
Әлгі айнаның барған сайын алдына,
Көруші едім өзімді де, Табылды.

Тағы қайта бір жылап һәм бір күліп,
Түн ұйқымды төртке бөліп дүрлігіп,
Ел жағында көшіп-қонып жүргенде
Енші айнамды алсам көрек сындырып.

Сынған айна... тірлігі оның тынған деп,
Өкініштің өксігінен қыңғам жоқ.
Өйтетінім: Табыл болып табылам,
Ақ достыққа көңілім бүтін — сынған жоқ!

(«Пешене» жыр кітабынан. «Жазушы» баспасы, 2005 жыл)

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРТУ

ӨТКЕН СЕЙСЕНБІ КҮНІ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ЖЕРЛЕС ЖАЗУШЫ, САТИРИК ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯСПЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ. ЖЕТПІС БЕСКЕ АЯҚ БАСҚАН ЖАЗУШЫ «ОЙЫМДАҒЫ ОЙЫЛЫМ» КІТАБЫНЫҢ ЖҮЗ ДАНАСЫН ЖЕРЛЕС ОҚЫРМАНДАРЫНА ТАРТУ ЕТТІ.

Журналистердің бәрі бірдей беттей бермейтін, беттесе де ілуде біреуінің ғана қолынан келетін фельетон жанрының сайыпқыраны атанған Табыл ағаның Ойылға Ресейдің Орск қаласынан келе жатқан беті екен. Мақсаты — «архивті ақтарып», тарихты түгендеу. Соңғы жылдары публицистикалық шығармаларға ден қойған жазушының қолына қалам ұстағалы отыз шақты кітабы оқырманына жол тартыпты. Әлі де баспада жатқандары бар...

Жазушының оқырмандарымен кездесуіне белгілі ақын **Ертай Ашықбаев** пен жерлесіміз, энергетика саласының маманы **Сансызбай Қуатов**, ақтөбелік кәсіпкер **Райымберді Күнбаев** қатысты.

Ертай ақын Табыл ағаның журналистика мен әдебиеттегі табысына тоқталса, Сансызбай ағай оның кісілік келбеті туралы сыр шертті. Ал жазушының өзі болса, бүгінгі таңда қалам тербеп жүрген еңбектері жайлы айта келе, өзі оқырмандарына тегін таратқан «Ойымдағы Ойылым» кітабына шолу жасады. Шынайы шындық негізінде өрілген оқиғалардан құралған туындыда Ойыл өңірінде өткен атақты адамдардың сөзі мен ісі қатар суреттеледі. Жазушы өмірге келген ауылдың түлегі, Мәдениет үйінің әншісі Сансызбай Нұржанов «Ауылым» әнін шырқағанда Табыл ағамыз тебіреніп кетті. Бұл кітаптың алғысөзінде жазылғандай «туған жерге деген суымас сүйіспеншілігі» болса керек. Кездесу соңынан жазушының замандасы Қазбек Нұрымгереев пен Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі, Батыр Ана Насиха Бөлекшуриналар лебіздерін білдірсе, аудандық мәслихат хатшысы Берік Бисекенов аудан әкімдігі атынан жазушының иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.